

УО «Алматы Менеджмент Университет»



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

i-START

**«Инновационное предпринимательство:
перезагрузка 3.0»**

**Сборник материалов
ежегодной научно-практической
конференции студентов и магистрантов
14 апреля 2017**

Алматы, 2017

УО «Алматы Менеджмент Университет»

i-START
**«Инновационное предпринимательство:
перезагрузка 3.0»**

Сборник материалов ежегодной научно-практической конференции
студентов и магистрантов
14 апреля 2017

Алматы, 2017

УДК 005.511 (063)
ББК 05.290-93
I 10

Редакционная коллегия

<i>Мырзакожа Д.А.</i>	д.х.н., директор управления стратегического планирования и исследований
<i>Укибаев Д.К.</i>	редактор журнала Центра научных исследований
<i>Ибжарова Ш.А.</i>	к.ф.н., доцент кафедры «Информационные технологии и общеобразовательные дисциплины»
<i>Арын Ә.А.</i>	магистр экономических наук, зав. кафедрой «Финансы, учет и аудит»
<i>Абдуллин Р.Ж.</i>	магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Финансы, учет и аудит»
<i>Еспергенова Л.Р.</i>	к.э.н., доцент кафедры «Финансы, учет и аудит»
<i>Мукушев А.Б.</i>	магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Финансы, учет и аудит»
<i>Дауренбекова К.С.</i>	магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Экономика и сервис»
<i>Ордабаева А.Б.</i>	магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «Государственная и общественная политика и право»
<i>Өмірсерік О.</i>	магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Менеджмент и маркетинг»
<i>Сәуірбаева Ә.Т.</i>	главный специалист Центра научных исследований, секретарь Оргкомитета

I 10 i-START «Инновационное предпринимательство: перезагрузка 3.0» Сб. мат. ежегод. науч.-прак. конф. студ. и магистран., 14 апреля 2017 г. – Алматы: Алматы Менеджмент Университет, 2017 – 519 с.

ISBN: 978-601-7470-72-2

Все статьи прошли проверку в системе Антиплагиат.ру (уникальность текста не ниже 70%).

УДК 005.511 (063)
ББК 05.290-93

ISBN: 978-601-7470-72-2

© Алматы Менеджмент Университет, 2017

СЕКЦИЯ 1

Менеджмент және маркетинг: сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер

Менеджмент и маркетинг: новые вызовы и возможности

Management and marketing: new challenges and opportunities

1	Ibray Adilzhan, Mukhametaliyeva Zarina <i>Teamwork and corporate social responsibility</i>	11
2	Абдыкалыкова Гаухар Даулетовна <i>Роль персонального брендинга в цифровом пространстве</i>	14
3	Агапитов Роман Алексеевич <i>Theories of leadership and motivation: interdependence and significance</i>	20
4	Амрекулова Алмагуль Утеулиевна <i>Роль фандрайзинга в деятельности некоммерческих организаций</i>	24
5	Аскарбекова Майра Саматовна <i>Система управления качеством продукции в условиях конкурентной среды</i>	26
6	Асхарова Салтанат Бауыржановна <i>«Сарафанное радио» как самый эффективный вид маркетинга</i>	29
7	Батырхан Назерке Берікқызы <i>Управление инклюзивным образованием в Республике Казахстан</i>	32
8	Бахытжанова Мадина Оразбековна <i>Қазіргі жағдайдағы кәсіпкерлік құрылымның негізгі мәселелері мен тұрақты дамудың жолдары</i>	35
9	Бахытжанова Мадина Оразбековна <i>Антикризисный менеджмент в международном бизнесе</i>	38
10	Брыткова Светлана Николаевна <i>Специфика и методика оценки прогнозирования структурных сдвигов в экономике региона</i>	40
11	Гукова Елена Арсеновна <i>Регулирование рынка образовательных услуг в сфере высшего образования</i>	44
12	Диканская Арина Сергеевна <i>Маркетинговые исследования качества медицинских услуг ТОО «Город Здоровья»</i>	47
13	Жақупбекова Анель Булатовна <i>Нейромаркетинг как метод увеличения продаж</i>	51
14	Игрунов Константин Константинович <i>Применение реинжиниринга бизнес-процессов при разработке стратегии управления организацией</i>	54
15	Калымбетова Асель Атеповна <i>Стратегическое и тактическое управление: теоретические аспекты</i>	58
16	Камилова Карина Вельяновна <i>Актуальность использования решетки ГРИД для определения стиля руководства в менеджменте</i>	61
17	Караева Айсулу Бейректасовна, Ли Михаил Игоревич <i>Геймификация как эффективный метод управления сотрудниками</i>	64
18	Касымжанов Касымжан Эдуардулы <i>Организация и этапы персональных продаж</i>	67
19	Ким Наталья Эдуардовна <i>Влияние методологии Scrum и Kanban на управление проектами и персоналом</i>	70
20	Корнев Владимир Вячеславович <i>Твиты государственных служащих: обзор, классификация и проблемы</i>	75
21	Куралбаева Аксана Титовқызы <i>Суықтық және маңызы стратегиясының басқаруымен адам ресурстары</i>	79

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Бахытжанова М.О.

*Алматы Менеджмент Университеті, «Менеджмент», Магистратура, 2-курс, Алматы қ.
Ғылыми жетекші: Масакова С.С., э.ғ.к., доцент*

Осы мақалада кәсіпкерлік құрылымның тұрақты даму жолындағы негізгі мәселелері мен оларды шешудің мүмкіндіктері қарастырылған.

Дағдарыс кезеңінде теңгерімсіздік және үйлесімсіздік жағдайында экономикалық жүйелерді басқару жағымсыз құбылыстардың кері салдарларының алдын алу және оларды жоюдың тәжірибелік дағдыларын меңгеруді талап етеді. Дағдарысқа қарсы басқарудың ерекшелігі шектелген қаржылық қаражат, белгісіздік пен қатердің жоғары деңгейі жағдайында күрделі басқару шешімдерін қабылдау қажеттілігімен байланысты. Ол дағдарыстарды айқындауға, олардың алдын-алуға, кері салдарларын жеңуге, дағдарыс ағымын деңгейлестіруге мүмкіндік беретін әдістердің, тәсілдердің жиынтығы болып табылады.

Экономикалық әдебиеттерде дағдарысқа қарсы басқарудың көптеген анықтамалары бар. Кейбір авторлар дағдарысқа қарсы басқаруды «нақты бір борышқордың кәсіпорында қолданатын дағдарысқа қарсы нысандар мен әдістердің жиынтығы» деп түсінеді. Дағдарысқа қарсы басқару микроэкономикалық категория болып табылады және кәсіпорынның жойылуы мен қайта жандануы кезіндегі өндірістік қатынастарды қамтиды. Ресейлік экономист Э.А.Уткин дағдарысқа қарсы басқару дегенде, кәсіпорынның нарықтық қызметінде мүмкін қиыншылықтардың болмауына, оның өз жеке қаржыларына негізделген, кеңейтілген, ұдайы өндіріске және тұрақтылыққа бағытталған басқаруды түсінеді. Профессор Э.М.Коротков бойынша: «Дағдарысқа қарсы басқару - дағдарысты алдын-ала көре білуге көзделген басқару, оның белгілерін, залалдарын азайту шаралары талданып, оны ары қарай дамуға пайдалану». Дағдарыстың еркін және оңтайлы жақтарын атап өткісі келетін авторлар, дағдарысқа қарсы басқаруды керісінше, «жақындап келе жатқан қиын кезеңді алдын-ала біліп, даму бағытын өзгертуге мүмкіндік береді деп анықтайды». Қазақстандық экономист-ғалымдар дағдарысқа қарсы басқаруды - кәсіпорындағы базистік, өзгермелі шамаларды сақтап қалуға бағытталған шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру деп анықтайды.

Бұл себепті, сыртқы және ішкі ортадағы факторлардың өзгеруі жағдайларында, кәсіпкерлік құрылымның тұрақты даму жолындағы негізгі мәселелеріне мыналарды жатқызуға болады:

- өнімді өткізу саласындағы сәтсіздіктер;
- біліктіліктің аздығы мен тәжірибеліктің жоқтығы - кәсіпорынның банкротқа ұшырауының ең жиі кездесетін себептері;
- мемлекеттік аппараттың бюрократиялығы [1].

Қазақстандағы бірде-бір бағдарлама бюрократиялыққа қарсы күресудің шараларын ескермейді. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында орталық үкіметтің деңгейінде көптеген шешімдер қабылданады. Дегенмен, солардың ішінде ешбіреуі, бизнеспен айналысуға қалаушылардың көптеген анықтама мен рұқсат хаттарды алу мақсатында кететін уақыт шығынымен күреспейді. Әрине, осындағы бюрократия жемқорлықпен тығыз байланыста.

Өткізілген кәсіпкерлік құрылымды дамытуды саралаудың негізінде экономикалық өсудің түпкі мәселелері мен шектеулері, сондай-ақ кәсіпорындардағы күйзелістің себептері айқындалды. Оларға мыналар жатады:

- Бір кәсіпорын аясында бірнеше қызмет түрлерін қоса атқару, көп жағдайда бірөнімді модельге бет түзеудің мүмкінсіздігі;
- Негізгі өндірістік қорлардың артық мөлшері, сондай-ақ олардың төмен техникалық даярлығы, тозғандығы мен жабдықтың мешеулігі. Халық шаруашылығындағы барлық салаларындағы негізгі қорлардың тозушылығы 90-жылдардан бастап үнемі артуда;
- Технологиялық кеңістіктің әртектілігі, соның салдарынан технологиялық тізбектегі сапа ысыраптары;
- Отандық өнімнің төмен сапа деңгейі (ерекшелік ретінде отын-шикізат салаларындағы өнімдер);
- Отандық өнімге қатысты жеткілікті ішкі тұтынушылық сұраныстың жоқтығы (соның ішінде мемлекет жағынан да).;
- Салық заңнамасы мен салық саясатындағы қайшылықтарына байланысты салық салу саласында туындайтын мәселелер;
- Көптеген экономика салаларындағы өнімдердің төмен табыстылық деңгейі;
- Әсіресе өңдеу өнеркәсібі саласындағы экономиканың нақты секторына инвестициялардың тапшылығы;
- Кредит қаражаттарын алуға мәселелер, әсіресе шағын кәсіпкерліктер үшін. Сауалдамалар нәтижесінде, кәсіпорындардың 30% қарай банктің қысқа мерзімді кредиттерді алуға байланысты қиындықтары болады;
- Айналымдағы активтердің тапшылығы мен олардың төмен айналымдылығы;
- осы заманғы нарық жағдайына қатысты, экономиканың қызмет етуіне жанасымсыз, кәсіпорындардағы жұмысшылардың мамандықтары бойынша төмен даярлану деңгейлері;

- дайын өнімнің көбеюі, тауарбастылық пен өнім өткізудің төмендеуі (маркетингтік мәселелер);
- максималды тәуелсіздікке ұмтылуы, айталық, шетелдегі кәсіпорындар арасындағы қомақты үлесі субмердідгерлер мен франчайзинг арқылы жұмыс жасауда;
- түрлі инновациялық мүмкіндіктерге қарамастан, жалпы төмен техникалық деңгей мен технологиялық жабдықталу;
- мемлекеттің экономикалық секторынан жұмысшылардың жылыстауынан себеп болған, бизнестегі кадрлардың жоғары деңгейлі біліктілігі;
- мемлекеттегі экономикалық жағдайдың тұрақсыздық салдары;
- мемлекеттік басқару жүйесіндегі тәртіпсіздіктер мен қоғамдағы қылмыстандырудың күшеюімен тереңдетілген, күрделі экономикалық ахуалдарға жоғары деңгейдегі бейімдеушілігі;
- нарықтағы қарым-қатынастардың төмен басқару деңгейі, білім, тәжірибе мен мәдениеттің аздығы;
- Шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы мен өздік ұйымдасу жүйесінің жетілмегендігі;
- Табысты қызмет ететін кәсіпорындардың жергілікті нарық шеңберінен, сондай-ақ халықаралық нарықтарға шығу талпыныстары;
- Нарық ахуалы мен конъюктурасының толық және расталған ақпараттың жоқтығы жағдайындағы жұмыс, ақпараттық, консультациялық және жаттықтыру қызмет жүйелерінің жетілмеуі [2].

Дағдарыс мәні мен дағдарысқа қарсы басқаруды зерттеу, сонымен қатар олардың кәсіпорындар қызметіндегі рөлі келесі қорытындыларды тұжырымдауға ерік береді.

1. Экономиканың барлық деңгейлері дағдарысқа душар, соның ішінде микроэкономикалық. Кәсіпорындағы дағдарыс, мезгілдік сипаттамасы жоқ, алдын-ала жоспарланбаған, өзінің қызметіндегі негізгі көрсеткіштерінің қалыпты жағдайындағы шамаларынан айтарлықтай нашарлауын көрсетеді.

2. Дағдарыстың пайда болуы ішкі, сондай-ақ сыртқы себептермен байланысты болу мүмкін. Сонымен қатар, дағдарыстың пайда болуы заңдылыққа бағынышты және оның даму кезеңділігіне тәуелді болу мүмкін.

3. Кәсіпорынның дағдарыссыз қызмет ету мүмкінсіздігі дағдарысқа басқару жүйесіне зейінмен көңіл бөлуді талап етеді, сол жүйедегі дағдарыс диагностикасы, дағдарыстың пайда болу себептерін анықтау және оны бейтараптандыру бойынша іс-шараларды әзірлеу.

4. Дағдарысқа қарсы басқарудың түрлі аспектілеріне ғылыми әдебиетте ерекше көңіл бөлінуде. Дегенмен, басылымдардың көбі тек сипаттамалы мінездемеде болады, зерттемелер кәсіпорынның банкроттықтан кейінгі «жандандыру» мәселелеріне негізделген. Сондай-ақ, алдын-ала ескеру сауалдамалары, дағдарысты экономикалық болжау, оның белгілерін талдау, кәсіпорынның дағдарыс алдындағы және дағдарыстағы күйінен шығу, дағдарыстың үдей түсуінің кері беталыстарын азайту шараларын қолдануы ескерілмейді.

5. Кәсіпорынның тұрақты қызмет етуі үшін дағдарыстың туындау болжамын дер кезінде айқындау, яғни дағдарыс алдындағы жағдайын анықтау қажет. Дағдарысқа қарсы басқару шеңберінде бұл кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің заманауи диагностикасы арқылы жүзеге асырылады.

6. Дағдарысты алдын алу сауалдамалары мен кәсіпорынның дағдарыс күйінен шығу жолдары жеткіліксіз зерттелген.

Экономикалық әдебиетке жүргізілген саралауға қарағанда, дағдарысқа қарсы басқару мәселелеріне белсенді зейін бөлінгенімен, көптеген жарияланымдар тек сипаттамалы мінездемеде жазылған. Сонымен қатар, кәсіпорын құрылымдарындағы дағдарыс алдындағы жағдайларының диагностика мәселесінің тәсілдері мен әдістерінде үлкен бытыраңқылық бар.

Кәсіпорынның дағдарыс алдындағы жағдайы диагностикасы мәселелері жеткіліксіз түрде зерттеуден өткізілді. Сол себепті, дағдарыс күйін болжау әдістерін практикалық тұрғыда бекіту мен теориялық анықтау маңызды қажеттілігі туындап тұр. Сонымен қатар, кәсіпорынның дағдарыс жағдайынан шығу бойынша әдістемелік қамтамасыз ету теориялық зерттемесі іс жүзінде жоқ деуге болады [3].

Бұрында атап өткеніміздей, кәсіпорын құрылымының тұрақты және тиімді түрде әрекет етуі үшін дер кезінде белгілі деңгейдегі нақтылықпен оның дағдарыс алдындағы жағдайын болжау қажет, яғни жуық арадағы дағдарыстың басталу ықтималдығын белгілеу керек. Бұл дағдарысқа қарсы басқару шеңберінде кәсіпорын құрылымдарында дағдарыстың пайда болуына жол бермеу бойынша әрекетті іс-шараларды даярлауға мүмкіндік береді. Дағдарыс жағдайынан шығу тиімді бағыттарының бірі басқару механизмі мен өздік ұйымдасу арасындағы өзара әрекеттесуі болып табылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды бағалау өте маңызды. Себебі, қызметтегі белсенді әлеует дағдарысқа қарсы дамуды анықтайтын, экономикалық өсудің кепілі және елдің экономикалық тәуелсіздігін, дағдарысқа қарсы басқару дағдарыстан сақтайтын тұрақты фактор болып табылады. Оның босансуы кәсіпорынның, мемлекеттің болжауға мүмкін болмайтын зардаптарға ұшырауына әкелуі мүмкін. Кәсіпорынның экономикалық дағдарысқа қарсы басқару ең алдымен менеджерлердің мүмкін қатерлерді көре білу және алдын-алу, пайда бола бастаған қиындықтарды тез шешіп, оң жолға түсу шараларын жүзеге асыруымен байланысты [4].

Дереккөздер:

1. Попков В.П., Балашов А.И., Мячин Ю.В. Обеспечение устойчивости развития предпринимательских структур на основе инвестиционного планирования. – СПб.: Нестор, 2004. – 165 с.
2. Попков В.П., Камарджанов Д.Р. Стратегическое управление предпринимательским потенциалом коммерческого предприятия. – СПб.: Нестор, 2004. – 146 с.
3. Гончаров М.И., Лемзяков Г.А. Консалтинг в антикризисном управлении. Теория и практика. – М.: Экономика, 2011.
4. Бирюкова О.Ю. Приемы антикризисного менеджмента. – М.: Дашков и К, 2011.